

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № 149-ө өкімі.

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдары белгіленген тәртіппен тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы ай сайын келесі айдың 10-күніне дейін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігін хабардар етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі ұсынылған ақпаратты жинақтасын және тоқсан қорытындылары бойынша келесі тоқсанның 20-күнінен кешіктірмей қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2020 жылғы 27 қарашадағы
№ 149-ө өкімімен
бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі

№ р/с	Құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	Құқықтық актінің сапасына, уақтылы әзірленуі мен енгізілуіне жауапты адам
1	2	3	4	5	6

1.	"Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 1003 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МСМ	2020 жылғы желтоқсан	Ө.С. Бисақиев
2.	"Ойын бизнесі саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 8 шілдедегі № 195 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің бұйрығы	МСМ	2020 жылғы желтоқсан	Ө.С. Бисақиев
3.	"Ойын бизнесін ұйымдастырушының есептілікті ұсыну нысанын, Ойын бизнесін ұйымдастырушы ұсынатын есептілікті жинауды және талдауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 17 шілдедегі № 249 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің бұйрығы	МСМ	2020 жылғы желтоқсан	Ө.С. Бисақиев
4.	"Ойын бизнесін ұйымдастырушының біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі мен нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің бұйрығы	МСМ	2020 жылғы желтоқсан	Ө.С. Бисақиев
5.	"Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 8 тамыздағы № 227 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 17 тамыздағы № 373 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бірлескен бұйрығы	МСМ ҰЭМ	2020 жылғы желтоқсан	Ө.С. Бисақиев
6.	Бәс тігудің әрбір қатысушысы бойынша бәс тігуге қабылданған мөлшерлемелер (оның ішінде электрондық), бәс тігу нәтижесінің нұсқаларына коэффициенттер, олар бойынша ұтыстар мен төлемдер туралы ақпаратты қабылдау, есепке алу және сақтау, сондай-ақ оны өзге тұлғаларға беру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің бұйрығы	МСМ	2020 жылғы желтоқсан	Ө.С. Бисақиев

7.	Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мәдениет, спорт және туризм саласындағы білім беру ұйымдарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту және бөлу туралы	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің бұйрығы	МСМ	2020 жылғы желтоқсан	Ө.С. Бисақаев
8.	"Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматының) жиынтық табысын есептеу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 226 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығы	ИИДМ	2020 жылғы желтоқсан	Қ.А.Өскенбаев
9.	"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 237-ө бұйрығына өзгеріс енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы	Еңбекмині	2020 жылғы желтоқсан	Е.М. Әукенов
10.	"Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 13 тамыздағы № 508 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығы	ІІМ	2020 жылғы желтоқсан	А.Р. Заппаров
11.	"Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 165 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы	Еңбекмині	2020 жылғы желтоқсан	Е.М. Әукенов
12.	"Ақмола облысы Бұрабай ауданында казино мен ойын автоматтарының залдарын орналастыруға арналған аумақты анықтау" Ақмола облысы әкімдігінің 2009 жылғы 26 наурыздағы № А-4/129 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Ақмола облысы әкімдігінің қаулысы	Ақмола облысының әкімдігі, М С М келісімі	2021 жылғы қаңтар	Қ . М . Бідырысов
13.	"Қапшағай су қоймасының жағалауын казино мен ойын автоматтары залдарын орналастыратын аумақ ретінде белгілеу туралы" Алматы облысы әкімдігінің 2009 жылғы 14 желтоқсандағы № 223 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Алматы облысы әкімдігінің қаулысы	Алматы облысының әкімдігі, М С М келісімі	2021 жылғы қаңтар	Б . Қ . Байжұманов

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

МСМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

ИИДМ – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

Еңбекмині – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ІІМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК